

● *Есімі елге елеулі*

Ұмытпасам, осыдан тоғыз жыл бұрын, 1996 жылы қазақтың қара нардай ұлдары, ілім-білімнің көрнекті өкілдері Төрегелді Шарманов, Салық Зиманов бар — бәріміз академик Камал Ормантаевтың туғанына алпыс жыл толуына байланысты оның туған елі — Қызылорда облысына жол тарттық. Көрікті кездесулер, үлгісі мен үрдісі жарасқан әңгімелер, аста-төк лебіздер, қала берді Сыр өңірінің сырбаз табиғаты жанымызға шуақ себелеп, мерейімізді өсірді. Қармақшы ауданындағы туған жерінің топырағына Кәмекеңді аунатып алып тұрып, өзіміздің де бір шақ бала

қасаң қалпын сақтаған Қызылорда қаласының келбетін жаңартуға, қоғамдық орындарды абаттандыруға, қысыр жыланның өзі қабыршағын тастап қысылып өтетін тар көшелерді кеңейтуге, көп егіп көк шығаруға, көрікті нысандар салуға мән берді. Бұрындары жыл ішінде қаланы көркейтуге небәрі 30-40 миллион теңге жұмсалса, енді 600-800 миллион теңге қаржы бөлініп, қазақтың алғашқы астанасының кескіні тұрғындардың көзайымына айналды. Ескі жаңарды, жаңа жаңырды. Кәсіпорындар мен өндіріс салалары, шағын және орта кәсіпкерлік нарықтық

на оқытушылық жұмысқа ауысады. Білім ордасының комсомол жастары оны институт комсомол комитетінің хатшылығына сайлайды. Екі жылдан кейін Мәскеудегі өзі бітірген басқару институтының аспирантурасына түсіп, 1976 жылы “Қазақстанның құрылыс-монтаж ұйымдарында аяқталмаған құрылысты жоспарлаудың методикасы” деген тақырыпта кандидаттық диссертация жазып, оны ойдағыдай қорғап шығады.

Б.Досманбетовтің 1977-1996 жылдардағы сан қырлы ғылыми, педагогикалық және ұйымдастырушылық қызметі қазіргі Қорқыт-ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетімен тікелей байланысты. 1991 жылы “Саяси-экономика” мамандығы бойынша КСРО-ның Білім мемлекеттік комитетінің шешімімен оған профессор ғылыми атағы берілді. 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік экономика, статистика және информатика университетінде “Қазақстанның демографиялық және еңбек қуатын статистикалық бағалаудың методологиясы” деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1994-1996 жылдары Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының, Қазақстан инженерлік ғылымдар академиясының, Халықаралық экология және табиғатты пайдалану академиясының, Халықаралық жоғары мектеп ғылымдары академиясының, әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі болып сайланды. 1995 жылы Сеул (Оңтүстік Корея) университетінің құрметті профессоры атағы берілді.

Б.Досманбетов 100-ден аса ғылыми жарияланымның, оның ішінде 10 монографиялық еңбектің жеке және қосарлас авторы. Қазақстанның экономика ғылымының беделді өкілі ретінде АҚШ пен Еуропаның бірқатар елдеріндегі шетелдік ғылыми орталықтармен тығыз байланыста болып, жемісті ғылыми жұмыстар атқарды. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымының 47-ші “Бейбітшілік және келісім” ғылыми конференциясына (Нью-Йорк, 1993 ж.), Дүниежүзілік банктің “Арал өңірінің әлеуметтік-экологиялық проблемалары” халықаралық семинарына (Ташкент, 1995 ж.), Дүние жүзі қалалары қауымдастығының “Отбасылық келісім мүмкіндіктері мен міндеттері” конференциясына (Солт-Лейк-Сити, АҚШ, 1995 ж.) қатысып, баяндама жасалды.

Ғалым, ұстаз, білікті ұйымдастырушы Бакберген Досманбетовтің ғұмырнамасындағы ең бір шоқтықты биік кезең — оның депутаттық қызметі. 1999 жылдың қыркүйек айында таңдаушылардың бір кісідей қолдауымен мандайы жарқырап, ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына сайланды. Қызылорда топырағында танысып, аға-інісі бауырласқан сыйластығымыз Парламент қабырғасында жүргенде бұрынғыдан да терендей түсті. Зандарды талқылау кезінде бір-біріміздің пікірлерімізді құрметтейміз, қолдаймыз. Қолымыз қалт еткенде ғылым жайлы оңғиме құрып, сырласамыз.

Бакберген Сәрсенұлы — Парламенттегі беделді де белсенді депутаттардың бірі. Сенаттың экономика, қаржы және бюджет комитетінің хатшысы болып тағайындалды. Жылдар белесінде жинақталған мол тәжірибесі, білімі мен біліктілігі, парасат-пайымының кеңдігі, азаматтық позициясының беріктігі оны биікке көтерді, кәсіби Парламенттің беделіне бедел қосты.

Ұстаз-ғалым қай уақытта да өзінің өмірден қалаған ғылыми жолынан айныған емес. Уақытпен санаспайтын Парламент жұмысының қалт еткен сәтінде еліміздегі ірі университеттердің ғылыми кеңестеріне қатысып, демография, статистика және экономика тақырыптары бойынша келелі мәселелер қозғап, Қазақстан ғылымының дамуына үлкен үлес қосып отырады. Ғылым мен білім реформасын жетілдірудегі зорлықтерді тамыршылай тап басып, одан арылудың жолдарына тиісті орындардың назарын аударады. “Білім, қайда барасың?”, “Атаулы әлеуметтік көмек әлеуеті ме?” атты кең тынысты зерттеу мақалаларында айтылған тың пікірлері кезекті заңдарды қабылдау кездерінде барыныша ескеріледі.

Артында ормандай шәкірттері бар ғалым, сөзі мен ісі үндескен қайраткер биыл қайтадан ҚР Парламенті Сенатының депутаттығына үміткер болып, үлкен долаға қатысты, мерейі үстем болды, яғни, екінші рет Сенат депутаты болып сайланды.

“Сүйер ұлын болса, сен сүй, сүйінерге жарар ол”. Абайдан асып айтқан ешкім жоқ. Бұл сөз Бакберген Досманбетов сияқты азаматтарға арналған шығар.

Кенжеғали САҒАДИЕВ,  
Парламент Мәжілісінің депутаты,  
ҚР ҰҒА академигі.

# “Сүйер ұлың болса, сен сүй...”

боп кеткенімізді аңғармай қалдық. Жол бастап жүрген орта бойлы, ықшам кимылды, өңінде оқымыстылықтың оты бар жігіт бір көргеннен-ақ ініміздей ішімізге кіріп кетті. Жас та болса, көпті көргендігі, ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтін шешендігі мен көсемдігі сезіліп-ақ тұр. Таныстық, білістік. Қорқытата атындағы Қызылорда гуманитарлық университетінің ректоры, ғылым докторы, профессор Бакберген Досманбетов деген бауырымыз екен. “Ағалап” алдыңнан шығып, қабағынды бағып, жаныңа жебеу болған елгезектігі мен ақжарқын мінезі баурады ма, өңшең академиктер Бакбергеннің “айтқанына көніп, айдауына жүрдік”.

Мерейтой иесімен бірге университет студенттерімен кездесіп, оқытушы-профессорлар құрамымен пікір алысқанымызда, Бакберген Сәрсенұлының іскерлігі мен ұйымдастырушылық қабілетіне, оқу-тәрбие үдерісінде жаңа заманғы үрдістерді кенінен әрі тиімді пайдаланатынына, қарапайымдылығымен бірге талапшылығына, ілімнің ізіне түскен жас ұстаздар мен ғылымға таласы бар студенттерге барынша жағдай жасайтынына көзім айқын жетті. Оқу орнындағы мамандықтар саны 18-ден 38-ге, ғылым докторлары мен профессорлар 2-ден 8-ге, доцент, ғылым кандидаттары 65-тен 140-қа өсіпті. Оқу ғимараттары 2-ден 6-ға көбейген. “Хореография”, “Санитария, гигиена, эпидемиология”, “Археология”, “Шығыстану”, “Журналистика”, “Тігін өнімдерін пішіндеу және оның технологиясы”, “Бизнес”, “Құқықтану” сияқты бөлімдерді ашуға өзі бас болып жүріпті.

Мен сол жолы жоғары оқу орнын басқарған көп ректордың бірі емес. Жан-жақты білімді, әлемдік өркениеттің ағымына ілесе отырып өзі туып-өскен өлкенің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өміріне бейжай қарай алмайтын азаматтың бейнесін көрдім. Әріптестерінен университетке Қорқыт Ата есімін алып беруге Бакбергеннің барынша еңбек сіңіргенін естіп білдім. Сол жылдары ол ұйымдастырушылық қабілетімен, қызмет бабында алалауды білмейтін турашылығымен, жанашырлығымен, ғылым мен білімді үйлестіре білетін біліктілігімен республикадағы ең үздік ректорлардың санатында аталды.

Осы сапардан сон да, “бір күн дәмдесек — қырық күн сөлем” дегендей, ізетті ініміздің сыртынан тілектес болып жүрдім. Жетістіктеріне шын пейілмен қуандым. 1996 жылдың желтоқсанында Бакберген Досманбетовтің Қызылорда қаласының әкімі, әрі Қазақстанда эксперименттік жүйеде құрылған төрттіктің бірі — Қызылорда арнайы экономикалық аймағы өкімшілік кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалғанын естіп, қадамына күт тіледім және қобалжыдым. Себебі, бұл еліміздің экономикасы мен әлеуметтік саласының жаңа нарықтық саясатқа бейімделу кезеңіндегі ең бір күрделі мезет еді. Бұрын-соңды өкімшілік-кабинеттік тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, бірден ректорлықтан өкімдікке тағайындалған Бакберген Сәрсенұлының жаңа қызметті аз уақыттың бедерінде ұршықтай үйіріп әкетуіне оның Мәскеуде алған білімі көп көмектесті. Қаланы басқару мен оның экономикалық-әлеуметтік стратегиясын жоспарлауда өркениетті тәжірибеге сүйенді. Әрдайым жариялық пен шынайылықты пір тұтқан өкім командасы жігерлі де жаңашыл күштермен толықты.

Бір кездегі Мәскеу инженерлік-экономикалық университетінің құрылыс, қала шаруашылығының экономикасы, оны ұйымдастыру және басқару факультетінің түлегі, ең алдымен, 180 жылдық тарихы бар, бірақ “сұлуынан жылуы” дейтін қазақы ұғымның



жүйеге бейімделіп, қала бюджетінің қоржыны толықты. Арнайы экономикалық аймақтың қаржысы облыс орталығы ғана емес, аудандардың қажеттіліктерін өтеуге де жетіп артылды. Бір сөзбен айтқанда, Қызылорда қаласының тарихында өкім Бакберген Досманбетовтің қолтаңбасы, ғалым Бакбергеннің өмірінде жаңарған Қызылорданың бейнесі қалды.

Ол 1945 жылдың 21 қыркүйегінде Қармақшы ауданындағы Диірментөбе бекетінде қарапайым теміржолшының отбасында дүниеге келді. “Сүйем сені, Сыр елі” ғұмырнамалық кітабында өзі баяндағандай, “Диірментөбе басқа ауылдардан бітім-болмысы жағынан бөлек, оқшау тұрған секілді. Темір жол бекетінің тұрғындары тіл-құлағы байланып күм ішінде қорғалаған адамдар емес, мына дүниеде не болып, не қойғанын өткен-кеткен пойыздан еститін, естігенін елге жеткізетін, заматында ол туралы пікір түйетін, сосын өткен күнді ұмытып, жаңа күннің жаңалығын іздейтін жандар. Сол жаңалықты ертелі-кеш ағындап жататын пойыздар алып келетін”... Диірментөбедегі қариялардың айтуынша, Бакбергеннің әкесі Сәрсен өмір бойы болат жолдың балғасын солқылдатып, қолы жұмыстан босамаған шаруақор болса да, қөкірек көзі қалғымасаған, жаңалыққа құштар жан екен. Содан да болар, балаларының еркін өсіп, өнегелі тәрбие алуына үлкен мән берген.

Темір жол бекетіндегі бастауыш мектептен сон Бакберген Жосалы қыстағындағы интернатта тәрбиеленіп, №26 Шоқан Уәлиханов атындағы қазақ орта мектебін үздік бітіреді. Мектептен кейін бір жыл темір жол бойында, геологиялық барлау экспедициясында жұмыс істейді. Бұған дейін облыс орталығынан әрі аттап көрмеген балаң жігіт 1963 жылы Мәскеуге аттанып, жоғары оқу орнына түседі. Оны ойдағыдай аяқтаған соң ұстаздарының осында қалып, ғылыммен айналыс деген ұсынысынан сыпайы бас тартып, ауылдағы ата-анасы мен шиетті іні-қарындастарының қамын ойлап, Қызылордадағы “Риссовхозстрой” тресінің №12 жылжымай-механикаландырылған колоннасына жолдасамен келіп, алты айдың ішінде аға инженер қызметінен бөлім бастығы лауазымына дейін көтерілді. Дипломының бояуы кеппеген жас маман үшін бұл үлкен жетістік еді.

Мәскеудегі ұстаздарының ғылыммен шұғылдан деген кеңесін көкейіне түйген Бакберген өндірістің, оның ішінде өзі еңбек ететін саланың проблемаларын зерттей бастайды. Аңғарғаны — сол кездегі жоспарлы экономика заңдылықтары бойынша жаңадан басталған құрылыс нысандарынан гөрі аяқталмаған нысандарға қаржы көп жұмсалып, сметалық-өндірістік жоспар кестесі жиі-жиі теріс өзгеріске ұшырап отырады екен. Ғылыммен айналысуға біржолата бел байлап, сол кездегі Н.В.Тоголь атындағы педагогика институтының саяси экономия кафедрасы-